



ТУҒРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№78
(2249)
Сенбі
14 қыркүйек
2024 жыл



Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ БАСЫҚАРА, «ҚҰМЖИЕК», «ҚАРАШЕҢГЕЛ» АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің 2024 жылдың I жартыжылдығында ауданда атқарылған жұмыстардың қортындысымен тұрғындарды хабардар ету мақсатында кездесулері бастаналды. Соған сәйкес, аудан басшысы Басықара, Қ.Пірімов, Жалаңтөс батыр ауылдарының тұрғындарымен кездесіп, халықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Алғашқы жиын Басықара аулынан бастау алды. Аудан әкімі ауыл жұртын жыл басынан бергі аудан көлемінде атқарылған жұмыстармен таныстырып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ ел ішінде орын алып жатқан жағымды жаңалықтарды сөз етіп, тұрғындардың ұсынысына сәйкес шешімін тауып жатқан мәселелерді де айтып өтті.

Ауылдық клубтағы басқосуда елді мекен жұрты бірқатар түйткілдерді тілге тиек етті. Атап айтсақ, көпшілік округ ішіндегі жолдар, су



ұңғымасын қазу, балабақша, дәрігерлік амбулатория және жарық жайын ортаға салды.

Аудан әкімі тұрғындар көтерген мәселелердің әрбіріне жеке-жеке тоқталып, сұрақтарға толыққанды жауап берді.

Тұрғындармен кездесу мұнан

соң Қ.Пірімов пен Жалаңтөс ауылдарында жалғасын тапты. Аудан басшысы екі ауылда өткен кездесуде есепті кезеңде аудан халқының игілігі үшін жасалған жұмыстарды сөз етіп, ауыл халқының ұсыныс-пікірлеріне құлақ түрді.

Тұрғындар тарапынан

айтылған ұсыныс-пікірлерді аудан басшысы мұқият тыңдап, барлығына да нақты жауап берді. Халықтың айтқан әрбір ұсынысын үнемі назарда ұстап, олардың оңтайлы шешілу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Аудан әкімімен бірге елді мекендерде аудандық мәслихаттың депутаты Әділбек Сарабековпен бөлім және коммуналдық салалардың басшылары жүрді.

Айта кеткен жөн, аудан басшысы халықпен кездесулерде үш ауылдың да мектеп, балабақша, дәрігерлік амбулатория сынды әлеуметтік нысандарын аралап, қысқы жылу беру маусымына дайындықтарын қадағалады. Мекеме басшыларына жылу беру маусымына дайындық жұмыстарына байланысты орын алған кемшіліктерді шұғыл жөндеп, жылу беру маусымын еш кедергісіз өткізу керектігін ескертті.

ҚЫСҚЫ ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА 19 МЫҢ ТОННА ҚАТТЫ ОТЫН ҚАЖЕТ

Қазалы ауданында қысқы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары басталып кетті. Бүгінгі таңда аудан тұрғындарына қажетті қатты отынның мөлшері белгіленіп, оны ауданға жеткізу жағы қарастырылуда.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет көмір тасымалдаушы кәсіпкерлермен кездесті. Кездесуде аудан тұрғындарын қатты отынмен қамтамасыз ету жайы сөз болды.

– Қысқы жылу беру маусымында ауданға 19 мың тонна көмір қажет деп жоспарлап отырмыз. Ауданымызға көмір басқа облыстардан тасымалданатындықтан, өзіндік құнының жоғарылайтыны белгілі. Дегенмен, біз халыққа қатты отынды қолжетімді бағада ұсынып, тапшылықты болдыр-

мау үшін бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет. Жылу беру маусымында көмір жөнінде еш мәселе туындамауы тиіс. Бүгін тиісті сала басшыларымен бірге осы мәселелерді өздеріңізбен бірге талқылау үшін кездесіп отырмыз, – деді аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет.

Басқосуда аудан басшысы көмір тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкерлерге аудан халқына қажетті қатты отынды тасымалдау жұмыстарын жеделдетіп, қоймаларға биылға жоспарланған көмір қорын тезірек жеткізу қажеттігін ескертті.

Ал аудан тұрғындары мен әлеуметтік нысандарды басқа да коммуналдық қызметтермен сапалы әрі үздіксіз қамтамасыз ету бойынша жауапты сала басшыларына жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

ӘРБІР БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМА САПАЛЫ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын тапсырмалар талқыланып, Жолдауда айтылған тапсырмаларды аудан көлемінде жүзеге асыруда жауапты басшыларға бірқатар тапсырмалар берілді. Сонымен қатар мәжілістің күн тәртібінде жұмысшы мамандарын даярлау, жастардың жұмысшы мамандығына деген қызығушылығын арттыру мәселесі қаралды.

Аудан басшысы бүгінгі таңда қоғамда жұмысшы мамандарына деген сұраныстың жыл санап артып келе жатқандығын айтты. Осыған сәйкес аудандағы техникалық және кәсіптік білім беру бағытында жұмыс істеп келе жатқан Қазалы аграрлы-техникалық колледжі, Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі және Қазалы гуманитарлық-техникалық колледждерінің директорларына бүгінгі күннің

талабына сәйкес мамандар әзірлеу, кәсіптік және техникалық білім беру талаптарын күшейту, ең бастысы білім сапасын қадағалауға қатысты нақты тапсырмалар жүктеді. Бұған қоса оқу орындарының қысқы жылу беру маусымына дайындықтарын да пысықтап, жылу беру маусымы ешқандай кемшіліксіз өту керектігін айтты.

Мәжілісте күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек, аудан үшін өзекті саналатын салық базасын ұлғайту, бюджетті тиімді басқару және сапалы жоспарлау, егін жинау науқанын өз деңгейінде ұйымдастыру, жылу беру маусымы қарсаңындағы жоспарланған жұмыстар барысы талқыланды. Бұл мәселелер бойынша да аудан басшысы тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, әрбір берілген тапсырманы сапалы орындау қажеттігін ескертті.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АНА АМАНАТЫ

Ажар ана келіні баппен пісірген, иісі бұрқыраған сүретті сүйсіне жегісі келіп, алдындағы асқа қол созып, бір жұтым етпен қамырды араластырып, аузына салып, кетік тістерімен асықпай шайнап жұта бергенде қақалып-шашалып, асы құрғыры қапелімде қу кеңірдектен не ары өтпей, не бері кетпей тынысын тарылтты-ай кеп. Жұтына алмай қиналғаны соншалық көзінен жас парлап ақты... Өлгіндегі асқа деген тәбеті су сепкендей басылып, табақтағы етке енді қайтіп қол созған жоқ. Келіні болса «Апа не болды, шашалып қалдыңыз ба?» деп оған ақтарыла қарап, ыңғайсыз қалып танытты.

Аз-кем үнсіздіктен соң қарт ана ләм-мим сөзге келместен өз бәтесін өзі қайырып, қос алақанымен екі бетін сауып сипап орнынан баяу тұрды. Аяғын санап басып өз бөлмесіне жетіп, салулы төсегіне барып жәйімен қисайды. Жатуын жатқанымен қаумалаған мазасыз ойлардың қоршауына күмп берді. «Апырмай, соңғы күндері құрғақ тамақ ішсем қақалып-шашалам, ол несі екен-ә, ауырып жүргеннен саума екенмін өзі. Әнеу біреуінен аман болсам...» депте ойлап үлгірді. Бірақ, әнеубіреуінің атын атап, түсін түстеуге жүрексініп, тағы да қой ауырғаны несі, кім тамақ ішкенде қақалып-шашалмайды, о несі-ай, соған бола жамандықты шақырып, босқа күдіктеніп...,-деп өзін кінәлап әрі жұбатты. Әйтсе де ой орамынан арыла алмай, неге екені белгісіз өткен өмір жолдары көз алдында көлбеңдегені.

Ажар ана өткен өмір жолдарын көп еске ала бермейтін. Себебі, тұщысынан ащысы көп тағдыры жанын жабықтырмаса жадырата бермейтін. Тіпте өкініштен өзегі өртеніп, назаланатын. Тұрлаусыз тағдырына лағнет айтқан кездері де болды. Одан шерленген өмірді өзгерте алмады. Өзгерткені сол, мұның шаттанған сәттері бертінде ғана, Арманы ержеткен соң.

Шыр етіп ауа қармап дүние есігін ашқалы өмірден тепіреш көріп, әкесі бұл есін білмей жатып дүние салып, анасы өз тағдырының бұйдасын өзге жанның қолына ұстатты. Бұл жанары жәуентдеп, тағдырдың жазуымен ата-анасының бірінен тірілей, екіншісінен өлідей айрылып, нағашыларының қолында тәрбиеленді. Алдағы болашағы бұлыңғыр, өзіне деген пейілдің ала-құлалығы тағы бар, жастайынан бейнетке бөлін тосты. Бойжеткен соң өзімен тағдырлас, атадан қалған жалғыз тұяқ, соқа басты жігіт Жомарт-бекпен көңіл қосып, екі жарты бір бүтін болып, отау құрып, ошақ отын тұтатты. Сөйтіп жүріп, тұла бойы тұңғышы Арманы дүниеге келіп, шуақты күндері басталғанды. Ал, қалғаны...

Өміріне өшпес қайғы-қасірет, жүрегіне айықпас жара салған сол күнді ешқашан ұмытпайды. Иә, сол күні бұл Арманының тәйтәй басқан қадамын қызықтап, үйінде алаңсыз отырғанды. Кешкілік бір топ адам сау

етіп үйіне кіріп келді. Бәріде ауылдағы таныс-біліс адамдар. Олардың ретсіз бұл келісін неге жорырын білмей іштей секем алса да ізетпен сәлем беріп төрге оздырды.

-Ағалар, отырсаңыздар ас әзірлейін..., - деді де қарт кісілердің әрқайсысының түнеріңкі жүзінен сыр аңдағандай оларға көзінің астымен барлай қарады.

...Шырағым, Ажар айналайын, болған іске берік бол, -деді төрде отырған Нұрмағанбет ағасы аз ғана үнсіздіктен соң, сол төмен қарап отырған қалпы сөз бастап. – Жомартбектен қапыда айрылып қалдық. Шыдамды бол, қарағым. Қайғыға ақылмен төтеп бер, айналайын...

Тосыннан естілген қаралы хабар талма тұстан дөп соққан аяусыз соққыдай есінен тандырып, өз-өзіне келе алмады. Көз алды тұманданып, арғысы есінде жоқ. Тек, көрші әйелдердің демеуімен басын тіктегенде ғана аз-кем есін жиды.

Сонда:

-Аға-ау, не дедіңіз. Жомартбектен айрылып қалған екенмін ғой. Қапыда айрылатындай бұ құдайға не жазып едім. Арманды әкесінен айырған бұл тағдырға не дейін,... –деп зарлаған.

Қаралы хабарды жеткізушілерде еріксіз көзіне жас алды.

...Сабыр қыл, қарағым, шүкіршілік ет, төңірге өкпелеп қайтесің, алданышың Арманың бар. Енді соның тілекшісі бол, өмірін ұзақ қыл деп тіле,-деп үлкендер сөзбен демеп жұбатты.

Жомартбегінің жылын берген жылы бауырым еді, қиналған шақта көмектесер, қамқор болар, ары кеткенде кеудеден итермес, - деп немере апасы тұратын «Аранды» аулына қоныс аударды.

Алма апасы бұл жүдеп-жадап, Арманын құшақтап жетіп барғанында бауырға тән бауырмалдылықпен іш тартып, мұның жәй-күйін өзінен асықпай сұрап біліп, көмек қолын созды. Колхозда есепші болып істейтін баласына бұған қалайда қолайлы жұмыс тауып беруді қадап тапсырды. Осылайша колхоз кеңсесіне тазалықшы болып жұмысқа орналасты. Қыста от жағушы қызметін қоса атқарды. Арманы көңілінің демеуі, жұмыстан шаршап келгенінде былдыр-былдыр сөйлеп, қайдағы-жайдағыны айтып көңілін сергітеді. Оның мектеп есігін ашқаны да, бітіргені де ана көңілін асқақтатқан жылдар. Ал, жалғызшының отбасын құруы мейманасын толтырып, мерейін асқақтатып, өткен өмір қиындықтарын көмескілендірген шақтар десе де болады. Осы күніне жеткеніне риза болып жүргенде мына бір кеселді ойлардың мазалай түскені, өзінің алаң көңілі абыржытып отыр.

Ажар ана енді бір сәт өз күдігін естен шығарып, қалың ойлардан серпіліп, жолдамамен демалысқа кеткен Арманы жайлы ойлады. Азамат болған

ұлының қамын жеп уайым қылды. Демалып, денсаулығын түзеп қайтқаны жақсы деседі ғой.

Бір сәт баласының мінездерін есіне алды. Кімге тартқаны белгісіз, тым ақкөңіл, аңғал, біреуге сенгіш. Аузын ашса жүрегі көрінетіннің өзі. Көңілінде біреуге деген қылаудай қараулық жоқ. Жаратылысы сол. Ау, адамның ішкі орамында бір бүкпесі болмаушы ма еді. Ол мұнда жоқ. Туа бітті мінез. Сонысына қарамастан кейде жай отындай жарқылдап, морт сына қалатыны бар, ақкөңіл адамға сонысы жасандылау көрінеді. Осы мінезінен зиян шекпесе дағы. Қазір біреудің біреуге ор қазар арамзалық әрекеті жиі бой көрсетіп жүр. Содан сақтасын де. Болмаса қызметін әлде кімдердей бақай есеппен көзге түсе қояйыншы, жақсы атақ алайыншы деп емес, шын ниет, пейілімен адал атқаратынын қатарластары айтады. Жасынан сол өтірік айтпайды, қулық сұмдығы жоқ, көлгірсу жанына жат.

Ажар ана жалғыз ұлы жайлы өз ойынан көңілі қанағат тауып бір сәт көңіліндегі уайымын ұмытып, жаны сәл де болса тыныштық тапқан.

Арман санаторийдегі демалыс уақыты аяқталып, аулына жеткенше асықты. Пойыздан түсіп таксимен үйіне жеткенде есігінің алдында зайыбы көңілсіздеу қарсы алды. Амандық саулықтан соң ол:

-Гүлім, жайшылықпа өзің көңілсізсің ғой –деді алаң көңіліне жұбатарлық жауап іздеп.

-Аманшылық, жайшылық, тек анам ауырып қалып, сол көңілімді алаңдатты. Сен де ауылда жоқсың.

-Ау, апам ауырса дәрігер шақырып көрсетпедің бе? Қарт кісі әлдеқалай ауырған шығар. Оның несіне алаңдайсың.

-Дәрігер шақыртайын деп едім, оған анамның өзі көнбеді. Арманның өзі келсін, дәрігерге өзі қаратар,-деді.

-Апамның өзі қайда?

-Төргі бөлмеде тынығып жатыр.

Арман дереу сыртқы киімдерін шешіп, асығыс апасы жатқан бөлмеге кірді.

-Сәлем бердік, апа. Ол ана құшағына көмілді.

-Ә, құлыным, аман-есен келдің бе? Кеше ойымнан бір сәт кетпедің. Қашан келеді деп күтіп жатырмын. Сен көзден таса болсаң алаңдаймын да отырамын....

-Апа, ауырып қалғанбысыз?

-Оны саған кім айтты, ә келін бе.

Ол тұнжырап сәл отырды. Одан соң сөзін жалғады.

-Иә, балам, сенен несін жасырайын, сырқатымның түрінен қорқамын, қайдан білейін....

-Апа, босқа уайымдама, ертең дәрігерге апарамын, тексерілесіз, анықтасын, сосын емделесіз, әлі-ақ жазылып кетесіз.

.... Ал, балам менің ауруымның бір жөні болар, жолдан шаршап келген шығарсың, тамақ ішіп тынығып ал. Ана

қыздарың да папам қашан келеді деп сені сағынып жүрген, көрген жоқ па едің оларды.

-Сіз ауырып қалды деген соң жағдайыңызды білейін деп, балаларым сағынса келдім ғой, міне. Ал, апа демала беріңіз.

Арман орнынан көңілсіз тұрып, аяғын жәймен басып бөлмеден шықты. Сол-ақ екен мұны аңдып тұрғандай-ақ алдынан шыға келген бір-біріне тетелес қос қызы Гүлнұр мен Гүлнәзі папалап тұра ұмтылып құшағына көмілді.

Гүлім босқа күдіктенбепті, енесінің сырқатының сырын сезімтал келіншек ерте аңдаған екен. Дәрігерлер тексере келе қатерлі ісік деп тапты. Мұны естігенде Арман жанын қоярға жер таппады. Қалайша бұлай болды деп қамығып, анасына көрсетпей көз жасын төгіп, енді ғана ел қатарына ілігіп, анасына қызметімді көрсетем, қуанышыма кенелтсем, анау немерелерінің қуанышына да куә етсем,-деп армандап еді. Енді мына сырқат анасын төтеннен кимелеп....

Ажар ананың денсаулығы күнен күнге нашарлады. Қу кеңірдегінен құрғақ ас түгілі бір тамшы су өтпей жанын азапқа салды. Күн санап жүдеп, терісі сүйегіне жабысып, тірі әруаққа айналды. Оны көрген Арманның жаны тызақтап, шырылдап, құр сүлдесі ғана жүр. Түн баласы көз ілмейді, Гүлім күні-түні енесінің қасында, ауру жанның қасқабағын бағып, аузына су тамызады. Аурумен бірге жаны қиналады.

- Арман анам шақырып жатыр,-деді Гүлім жұбайының жанына тізе бүгіп, сыбырлап ғана.

Арман анасының жүдеу жүзіне жасқана қарағанда көз құдығының шыңырауынан болар-болмас жылтыраған жанарынан жылу байқалмаған соң тіксініп, көзін тайдырып әкетіп, қайта қарауға дәті шыдамады.

-Құлыным,-деді анасы баласының жанына келгенін сезіп, естілер естілмес сыбырлай сөйлеп, сөзін үзіп-үзіп әрең айтты.

-Енді санаулы күндерім қалды. Құдайдың бір тамшы суға зар қылғанын көрмеймісің. Ол сөйлеуге шамасы келмей бір ауық үнсіз жатты.

-Арм-ан-жаа-ан,-деді сөзін үзіп барып қайта жалғап.

-Тек сен аман бол құлыным. Ұрпақтарың аман болсын. Гүлімді ренжітпе. Біреуге қиянат жасама, Алла пенденің адал ісін қолдайды. Құ-лы-н-ы-ым. Сен жалғызсың, жалғыздың сүйеушісі Құдай. Сені тек Аллаға аманаттадым.

Ажар ана одан әрі сөйлеуге шамасы келмеді. Баласына әлдене айтпақ болып ерні жыбырлағанымен үні шықпайды.

-Апа, сәл тынықшы, - деді жанары жасқа толған Арман дауысы дірілдей тіл қатып. Анасының жанарынан мөлт-мөлт еткен жас тамшыларын көргенде шыдамай жүзін бұрын, теріс айнала берді.

Санаулы күндерден соң Ажар ана дүниеден қайтты.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

«АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ 2024-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ауылдық округтің аумағы құрғақ, даласы бетеге-селеулі белдем тармағына жатады.

Дала өсімдігі басым, бетеге, селеу, сұлыбас және даланың түрлі шөптері, әр түрлі жусанның түрлері бар.

Ауылдық округтің аумағында гидрографиялық торап нашар дамыған. Жайылымды суландыру табиғи көлдерден, каналдардан, шахталы құдықтардан, апандардан қамтамасыз етіледі. Судың сапасы әлсіз тұздылау, малдарды суару үшін жарамды. Жайылымдар мен ауыл шаруашылығын суландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Елді мекеннің жанындағы көлдер мен көл жағасындағы жайылымдарды суғару мақсатында "Аққолқа", "Атсойған" каналы қазылып толығымен шешімін тапқан. Елді мекеннің солтүстік-батыс беткейіндегі жайылымдармен ауыл шаруашылығы жануарларын суғару мақсатында "Жиделі" скважинасы қазылған. "РЗ каналы" арқылы Байсалбай, «Сарыкөл», Әлшораз, "Коммуна" каналы арқылы Байнияз, Сансызбай, Шоқай, «Дүңкіліді», «Мыңшұқыр» учаскелерінің жайылымдық жерлері суландырылды. "Құмарық" каналы бойымен «Сарынысан» учаскесіндегі және ауыл жанындағы жайылымдар суарылды.

Жайылымдық алқаптардың орташа өнімділігі – 8,8 центнер/гектарды құрайды.

Жайылымдар жемдерінің қоры ұзақтығы 170-180 күн болатын жайылым кезеңінде пайдаланылады.

Ауылдық округ Қазалы ауданының батыс бөлігінде орналасқан, солтүстіктен және солтүстік-батыстан Арал ауданымен, шығыс, оңтүстіктен Қазалы ауданымен шектеседі.

Әкімшілік-аумақтық бөлінісі Жанқожа батыр аулынан тұрады.

Табиғи ауа-райы күрт құбылмалы ауа-райымен құрғақ далалық аймаққа жатады, олар үшін тән қасиет: көктем-жаз мезгілінің құрғақшылығы, жазы жоғары және қысы төмен ауа температурасы, жыл мезгілі бойынша жеткіліксіз және тұрақсыз атмосфералық жауын-шашын және бір жыл ішінде едәуір желдің жігерлігі.

Ауылдық округтің жалпы жер көлемі 18334 гектар (бұдан әрі – га). Соның ішінде жайылымдар – 4171,0 га.

Санаттары бойынша жерлер келесідей бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 18110 га;

елді мекендердің жерлері – 5775 га;

Ауылдық округ аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны: 3266 бас ірі

қара мал, 4546 бас уақ мал, 1389 бас жылқы, 184 бас түйе.

Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері бойынша келесідей бөлінген:

ірі қара мал - 5 табын;

уақ мал - 6 отар;

жылқылар - 30 үйір;

түйелер - 2 келе.

Жайылымдар ауылдық округтің табиғи-климаттық ерекшелігіне байланысты табиғи жайылымдарға жатады және көбінесе малды бағу үшін пайдаланылады. Ауылдық округтің аумағында екпе және аридтік жайылымдар жоқ.

Жайылымдарды негізгі пайдаланушылар ауылдық округтің тұрғындары болып табылады. Ауылдық округі тұрғындары уақ малды 6 (алты) кезек бойынша бағады.

Арықбалық ауылдық округінің 2024-2025 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы шешім жобасының жайылымдарды ұтымды пайдалану жоспары, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау жұмыстары жүйелі жүргізіліп келеді. Дегенмен, көрші Арал ауданы қожалықтарының түйелері жайылымға қыркүйек-қараша айларында жиі келеді. Осы мал иелеріне шара қолданылып,

өзге малдарды шығарып жіберу жұмыстары қолға алынған.

2024 жылдың жаз мезгілінде елді мекеннен тысқары жерге округке қарасты "Фарида" ш/к, "Руслан" ш/к, "Жүсіп Серік" ш/к, "Қалнияз Жұмабек" ш/к, "М.Кеулімжай" шаруа қожалықтарынан 342 бас жылқы, 480 бас мүйізді ірі қара, 66 бас түйе малдары шығарылды.

Ауылдық округтің аумағында 1 ветеринарлық пункт, 1 мал қорымы және 1 мал тоғыту ваннасы қызмет істейді.

Ауылдық округте малды айдап өтуге арналған сервитуттар белгіленбеген.

Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігі бойынша елді-мекендегі ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін жайылымдық жерлер 20153,55 гектарды құрайды. Арықбалық ауылдық округінің жергілікті халқының ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын «Шөкен» ауылдық округінің шалғайдағы жайылымдарына ауыстыру есебінен жайылымдық жерлердің қалған қажеттілігі өтеледі. Жайылымдық жерлерді ұлғайту мақсатындағы жұмыстар қолға алынған.

"Арықбалық ауылдық округінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҰҒЫМДЫҚ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық ғана емес, ол – мемлекет беделіне деген халықтың сеніміне селкеу түсіретін және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін жағымсыз әлеуметтік құбылыс. Жемқорлық жойылмай, ешбір ел табысы дами алмайды. Сол себепті әлемнің барлық мемлекеттері жұлынқұрт секілді бұл қоғамдық індетке қатты алаңдаушылық білдіріп отыр.

Тәуелсіз Қазақстан өзінің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі ретінде ынсапсыз алаяқтарды аластап, қоғамды жат тоғышар әдеттен тазарту міндетін қарастырып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел диірменмен алысу. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орын алғанына күе болуы керек», – деп атап көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер етіп, әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін баяулатады, сайып келгенде, елдің даму болашағына үлкен қауіп төндіреді.

Көк байрағымыз күн сөнгенше желбіресін десек, ата-бабамыздың сан ғасырлар бойы арман еткен асыл мұратын мансұқтауға, қызыл қаны мен қара тері қатар сіңген аманатын аяқасты қылуға жол бе-

руге болмайды. Адалдық дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру қажет.

Басты мақсат – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және мейлінше алдын алу.

Мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі мемлекет беделіне нұқсан келтіретін зұлымдықпен ұмырасыз күресу болып табылады. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, бұл дерттің одан әрі асқынбауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» демекші, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен пәрменді күресу жолында, сөз жоқ, тұрғындар арасында ақпараттық-құқықтық түсіндіру, жалпы құқықтық сауаттылықты арттыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу маңызды рөл атқарады. Әрбір азамат өзінің құқықтарын меңгеріп қана қоймай, өзіне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда нақты не істеу керектігін толық білуі қажет.

Мысалы, "Көларықауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі 2024 жылға арналған жұмыс жоспары жасалып бекітіліп, жоспарға сай ауылдағы №190 мектеп, ауылдық емхана, ауылдық клубтардың басшылары, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымы, жергілікті қоғамдастық кеңесінің төрағасы,

ауылдық жастар ұйымының жетекшісі, ауылдық учаскелік полиция инспекторымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық оқулар, дөңгелек үстелдер, ауыл тұрғындарымен кездесулер тағы басқа да шаралар өткізіліп тұрады.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі талаптарының бұзылуының алдын алу мақсатында және Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарымен көзделген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алуды орындау мақсатында мекеме басшыларымен бірлесе отырып құқықтық оқулар өткізіліп тұр.

Әсіресе жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұмырасыздық көзқарасты қалыптастыру бойынша кешенді іс-шаралар жоспары жүзеге асырылып отыр.

Мемлекеттік жастар саясатына байланысты мемлекет пен жастар ұйымдарының өзара байланысын ұйымдастыру, қоғамдық-саяси және мәдени іс-шаралардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру, ауыл жастарының қоғамдық-саяси ахуалын, әлеуметтік жағдайларын зерттеу мақсатында сауалнамалар жүргізіп, жастар саясаты бойынша сараптамалық материалдар дайындау, жастар ісі бойынша мониторинг пен талдаулар жасау және ауыл жастарының арасынан ерікті жасақшылар құру жұмыстарымен ауылдық округі әкімі аппаратының әдіскері тікелей жұмыс атқарады.

Жоғарыда айтқанымыздай, әлемді әбігерге салған бұл індетпен күресте құқықтық сауаттылықты арттыру мейлінше

оң әсерін тигізеді. Өйткені жағдайдан хабардар, сауатты адам өз құқығын ешкімге таптатпайды. Әрі заң үстемдігін сыйлайтын, қолданыстағы заңнама баптарымен етене таныс тұрғындар өз мәселесін әуелгі кезекте, құқықтық шеңберде шешуге мүдделі болады. Мұндайда азаматтар жең ұшынан жалғасудан саналы түрде бас тартып, аранын ашқан жемқорлықты айналып өтуге тырысады.

Сондықтан азаматтардың құқықтық сауатын көтеру үшін заң баптарын түсіндіру мақсатында жұмыс ретін көрсету бойынша үнемі жиын, бас-қосулар өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдарында танымдық материалдарды үздіксіз жариялап тұру назардан тыс қалып көрген емес.

Соның ішінде, мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы мен Әдеп кодексі талаптарын бұзудың алдын алу бойынша құқықтық оқыту, түсіндірме жұмыстары үнемі өткізіліп тұрады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бағытындағы шаралар бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және мемлекеттік органның ресми интернет ресурсында үнемі жарияланады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұмырасыз күрес – баянды болашақтың жарқын кепілі.

Осы бағыттағы жұмысты алдағы уақытта да одан әрі пәрменді де қарқынды түрде жалғастыра беретін боламыз.

Серік ӨМІРЗАҚ,
«Көларықауылдық округінің әкімі»

МҮСІРӘЛІ ҚОЖАНЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

Мүсірәлі қожа халқына төмендегідей тағылым таратқан: Ұлын, ана тілін қадірлеп, ислам дінінің аясында елге басшы, халыққа аға болуға талапты азаматтар ең әуелі ұлттық дәстүрде киініп, ана тілінде сөйлеп, туған халқының перзенті екенін сыртқы көрінісімен, дінімен, жүріс-тұрысымен жұртқа танытып, көңілін Алланы тануға жұмылдырып, зердесін ақиқатқа бұруы керек. Бөтен елдің жылтырағына қызықсаң, қырға шығып қалған балықтың тағдырына ұшырайсың – деген екен.

Мүсірәлі қожа (сопы Әзиз) Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты заңына қосымша тең дәрежеде орындалып отыратын мұсылманшылық қағидаларын жазып, халыққа таратқан. Мүсірәлі қожаның жазған сол мұсылмандық жолы төмендегілерден тұрады.

1.Бүкіл дүниені таратушы пенделер (адамдар) тең

құқықты. Ислам дінін таныған, мойын ұсынған, өз ықтиярымен мұсылмандық жолды (таңдаған) ұстанған әрбір адам Алланың дін қағидаларын, бұйрықтарын орындайды және орындап отыруы парыз.

2. Тіл – әрбір адамның тіршілікте түсінісіп, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасау құралы. Әрбір халықтың өзімен бірге дүниеге келген ана тілі бар. Ана тілін білу, қадірлеу адам жанының сұлулығы, Алла алдындағы борышы. Тіл-иманның кілті. Әрбір адам о ба-сында ел алдында көпшілікке түсінікті Алланың берген ана тілімен хактағалаға сыйынып, тәубеге келіп, сөздер айтса, ол адамның тәубесі қабыл болып, күнәсі жеңілдейді. Туған анасынан үйренген ана тілін, халқының тілін терең біліп, қадірлеу өсер жас ұрпақтың борышы.

3.Бүкіл әлемді жаратқан Аллаға құлшылық ету, Аллаға парыз етіп міндеттеген

қағидаларды орындап отыру – әрбір мұсылманның міндеті.

4.Өмір – Алланың адамға берген сыйы мен бақыты. Өсімдік, жан-жануар, тау, теңіз, су оларды көтеріп тұрған – Құдайдың адам өмірі үшін жасаған қажеттілігі. Әрбір адам жер бедерін, табиғатпен байланысын бұзбай Алланың жаратқан тіршілік теңдігін қастерлеп сақтап отыруға міндетті.

5.Туысқандық арасы жеті атадан өтпей құда –жекжат болып, қыз алып, қыз беруге тыйым салынсын.

6.Әрбір адамның қаны таза, жүрегі мейірімді, ұлтжанды, парасатты, туған халқының лайықты азаматы болып өсуін, кемелге келуін сақтап тұруы үшін аралас некеге тыйым салынсын.

7.Әрбір отбасындағы келіспеушілік, ел ішіндегі, ру, қауым арасындағы жесір, жер дауы, тағы басқа да тұрмыстағы үйлеспеушіліктер Жеті жарғының қағидаларын

басшылыққа алған билер, әзіреттер алдында қаралып шешімін тапсын. Бұндай мәселелерді жеке адамдардың, батырлардың өзімшілдікке батырып, өш алу, қан төгу жолымен қарымта қайтарып шешуіне тыйым салынсын. Отбасының, руының, қоғамның, бүкіл елдің бірлігін сақтап, ұлтына адал болып өсу, әрбір адамға Алланың берген зердесі. Алланың берген ана тілін аялап, парасатты, діні берік, қайратты, ұлтжанды ұрпақты өсіруден ауытқымау-әрбір адамның келешек алдындағы парызы.

Ол балаларға да, келіндеріңе, қыздарыңа ақыл айтып, өмірдің қиыншылығына төзу керек. Аштан өлсең де жұрттан қарыз алмай, өзіңше әрекет ет, адамгершілікті сақтау, таза болу, еңбек ету, баланды баулу, әсіресе немерелерді бағып-қағуда оларға тамаша үлгі көрсету қасиетін ұмытпау керек.

Жеткербай МАХАМБЕТ

АСА ҚАУІПТІ ҚҰТЫРМА АУРУЫ

Құтырма – адамдар мен жануарларға тән, жүйке жүйесін зақымдайтын аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауру адамдарға құтырған жан жануарлар тісін батырғанда, адамның терісінің зақымданған жеріне сілекейін жаққанда жұғуы мүмкін. Бұл ауру адамдарға үй жануарларынан, иттерден, мысықтардан, сонымен қатар ет қоректі аңдардан жұғады.

Құтырма ауруының жасырын кезеңі (ауру қоздырғышы организмге енгеннен бастап, ауру белгілері пайда болғанға дейінгі аралық) 10 күннен 1 жылға дейін, көбінесе 1-3 айға созылады. Аурудың жасырын кезеңі аяқталғаннан кейін науқас елеріп, тыныс алысы бұзылады, жұтынуы қиындап, аяқ қолының жаны кетеді.

Егер сіз иттен, мысықтан немесе басқа жануарлардан жарақат алсаңыз дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Меншік нысанына қарамастан кез келген медицина мекемесінде жарақатты алғашқы өңдеу жүргізілуі тиіс(жарақатты жуу, өңдеу, асептикалық таңғыш қою) және құтыру ауруына қарсы антирабикалық вакцина салынуы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар жарақат салған ит, мысық немесе басқа да жануар туралы білетініңіздің бәрін: иесінің аты-жөні, өзіңіздің оған қай жерде тап болғаныңызды, оны бұрын көрген-көрмегеніңізді, көрсеніз қашан және қайдан көргеніңіз туралы айтуыңыз өте маңызды.

Құтыру ауруына қарсы екпені жүргізу ұзақтығы жарақат салған жануардың белгілі немесе белгісіз болуына байланысты болады.

Жарақат алған адамның құтыру ауруына қарсы екпе жүргізу үшін жарақат салған жануардың белгілі болуы маңызды екендігін білгеніңіз жөн.

Тұрғындар тарапынан елді мекендердің маңайына тасталған мал өлекселерін жабайы аңдар мен елді мекен ішіндегі ит, мысықтар бірлесе жеп, жабайы аңдардың сілекейлері ит пен мысықтар арқылы елді мекенге енгізілуде. Ал елді мекендегі ит пен мысықтар тұрғындармен, оның ішінде балалар тығыз байланыста болып, құтырма вирусын жұқтыру қаупін арттырып отыр. Өйткені жабайы аңдардың сілекейінде 100 пайыз құтырма вирусы болады. Сондықтан мал өлекселерінің әр жерге тасталуына жол бермей, арнаулы мал қорымдарына тасталуы тиіс.

Кез келген жануар, әсіресе ит пен мысық оқыс мінез көрсетіп, алас ұрса, дереу ветеринарлық дәрігерге көрсету қажет. Мұндай жануарлардың иелеріне еш уақытта өздігінен көмек көрсетуге болмайды, себебі бұл адам өміріне өте қауіпті.

Құтырма ауруының алдын алудың ең негізгі жолы- бұл құтырмаға қарсы дер кезінде антирабикалық вакцина ектіру болып табылады. Сондықтан әрбір тұрғын иттен, мысықтан және басқа жануарлардан жарақат алғаннан кейін міндетті түрде дәрігердің нұсқауы бойынша егуге қарсылық білдірмей, құтырмаға қарсы антирабикалық вакцина алуы тиіс.

Жақып МАРХАБА,
Қазалы аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
жетекші маманы

БАЛЫҚШЫЛАР НАЗАРЫНА

- Балық аулау және аңшылық демалыстың белсенді тамаша түрі болып табылады, егер қауіпсіздік ережесін сақтамаса, ол қауіпті болуы мүмкін.

-Балық аулау және шағын көлемді кемелермен аңшылық кезінде, қайыққа отыру алдында ескектің барын, ескек тұтқасының мықтылығын, құтқарушы дөңгелектің және суды шығаратын қауғаның бар екендігін тексеруді ұмытпау қажет.

-Қайыққа отыруда сақтықта болу керек, яғни қайықтың ортасынан басып, орындыққа біркелкі отыру қажет. Қайықтың ернеуіне отыруға, бір орыннан екінші орынға көшуге, сонымен бірге бір қайықтан екінші қайыққа ауысуға, қайықты шайқауға, шомылуға және қайықтан сүңгуге тыйым салынады. Қайықтағы тұлғалар жеке құтқару құралдарын (құтқару желеті, белбеуше, кеудеше) киіп алулары тиіс.

Шағын көлемді кемелердегі тұлғалар құтқару құралдарын пайдаланбай құқық бұзушылық жасаған жағдайда - ескерту алады немесе бір айлық есепті көрсеткіш көлемінде штраф (Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 583 бабы) салынады. Түнгі мезгілде балық немесе аң аулауға тыйым салынады.

Балық аулау және шағын көлемді кемелермен аңшылық кезінде орындауға қажет қарапайым ережелер:

1) өзімен бірге дәрі қобдиша, қол шам, жергілікті карта, өзінің тұрған жерін құлақтандыратын құралы болуы тиіс;

2) балық немесе аң аулар алдында таңдаған жерді байқау қажет;

3) алкогольдік ішімдік немесе есірткі заттарын қолдануға тыйым салынады;

4) қайықтың жағдайын тексеру, оны құтқару желеті, белбеуше, кеудешемен жабдықтау қажет;

5) қайықта шелектің немесе суды айдайтын кез-келген ыдыс болуы қажет;

6) балық аулайтын жабдықтарды және аң аулайтын құралдарды қайық ернеуіне жағалай, мүліктерді (киім, сөмке, чемодан) қайықтың бас жағына және орындық астына орналастыру қажет.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.